«Қазақстан Республикасындағы тарихи-мәдени мақсатына арналған жерлердің құқықтық режимі (халықаралық жүзе және ұлттық тәжірибе)» атты тақырыптағы «8D04203-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ауғанбай Алтынай Қайратқызының диссертациясына берілген ресми пікір білдіруші
заң ғылымдарының кандидаты, доцент Акшатаева Жанна Байбековнаның

СЫН-ПІКІРІ

№ п/п	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми сын-пікір берушінің ұстанымын негіздеуі
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылым дамуының басым бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы «Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысына, 2019 жылғы 26 желтоқсандағы «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, ҚР-ның 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, 2006 жылғы 15 желтоқсандағы «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 1996 жылғы 10 маусымдағы «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, ««Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» және «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келеді. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру ісін, қоғамның құндылықтар жүйесін жаңғыртуда туризмнің, әсіресе, тарихи-мәдени құндылықтарды дәріптейтін этнотуризмнің дамуына экономиканың маңызды саласы ретінде ерекше көңіл бөлуді тапсырады. «Еліміздің туристік әлеуетін де пайдалану керек. Қазақстанның экономикалық дамуының жаңа парадигмасы еліміздің бәсекелік артықшылықтарын тиімді пайдалануға және өндіріс саласындағы еңбек, капитал, ресурстар, технология сияқты негізгі факторлардың әлеуетін барынша ашуға негізделеді. Ол үшін біз біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өтуіміз керек» деп атап өткен жоғарыда аталған ресми құжатта.

			Мәдени құндылықтарымызды дәріптеп, рухани мұраларымызды қайта жаңғырту, тарихи-мәдени нысандар мен объектілерін сақтау, қорғау оларды ұлғайту, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену сақтау мақсатында «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары жарық көрді. Ұлттық деңгейдегі ауқымды жоба шеңберінде «Туған жер» бағдарламасы, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы, музей экспонаттарының цифрлық каталогы және ұлттық электрондық кітапхана қоры пайда болды, тарихи және мәдени жәдігерлерді цифрландыру жүйесі жолға қойылды. Зерттеу жұмысы осы үрдістің талаптарына сай орындалған деп айтуға толық негіз бар. Сонымен бірге бұл диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 «Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысымен де үндес болып келеді. Елімізде тарихи-мәдени мақсатына арналған жерлердің жерлердің құқықтық режимі, олардың құқықтық реттелуі бойынша монографиялық зерттеулер әлі жүргізілген жоқ. Сондықтан да, автордың ғылыми еңбегі тарихи-мәдени мақсаттарға арналған жерлердің құқықтық режимін кешенді түрде зерттеуге арналған алғашқы кешенді монографиялық зерттеу болып табылады.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес **қосады**/қоспайды және оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған	Диссертациялық зерттеу жұмысында қол жеткізілген нәтижелер біздіңше отандық құқық ғылымына өзінің елеулі үлесін қоса алады деп бағалаймыз. Диссертациялық зерттеу нәтижелері теориялық және тәжірибелік маңызға ие, зерттеу жұмысының мамзмұнындағы маңызды ережелер мен тұжырымдарды Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы және жер заңнамасын жетілдіру процесінде қолдануға тұрарлық.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары деп бағаланады. Жазу тілі нақты, түсінікті, құқықтық тұрғыда сауатты орындалған. Автор тарихи-мәдени мұра объектілері және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер құқықтық реттеу объектілерінің ерекшеліктеріне ауқымды талдау жүргізген. Жұмыста жеке бастама және күрделі ғылыми мәселелерді өз бетінше шешу мүмкіндігі көрінеді.

4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 диссертацияның өзектілігінің негізділігі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс ғылыми тұрғыдан сауатты негізделген жаңа нәтижелерді қамтитын кешенді зерттеу болып табылады. Алынған нәтижелердің жаңашылдығы, негізділігі мен объективтілігі күмән тудырмайды. Зерттеу жұмысы тарихи-мәдени мақсатына арналған жерлердің жерлердің құқықтық режимін кешенді сипатта саралауға арналған дербес ғылыми жұмыс болып табылады. Автор зерттеу тақырыбының өзектілігін дұрыс негіздей білген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) **айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Зерттеу жұмысының мазмұны зерттеу жұмысының жоспарымен орынды үйлесім тапқан. Зерттеу жұмысының мамзұны тақырыптың мәнін нақты айқындайды. Жұмыс мәлімделген тақырыпты егжей-тегжейлі қарастырып, зерттеу тақырыбын жан-жақты түсінуді қамтамасыз етеді.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді, атап айтқанда, тарихи-мәдени мұра объектілері және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер құқықтық реттеу объектілері ретіндегі ерекшеліктерін ескере отырып, олардың құқықтық режимінің мазмұны кешенді түрде зерделенген. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдаланумен байланысты заңнамаларды жетілдіруге бағытталғанұсыныстар әзірлеу арқылы автор алға қойған мақсаттарға қол жеткізіп, зертетудің міндеттерін орындай білген.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан өзара байланысты: **1) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары мен бөлімдері, яғни құрылымы логикалық өзара байланысқан. Жалпы зерттеу жұмысы жоғары деңгейде жазылған, диссертацияда зерттеу үдерісінің барлық компоненттерін кездестіруге болады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелді және белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара; 3) талдау өз пікірі емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор диссертациялық жұмысты тарихи кезеңдерінен бастап, қазіргі жағдаймен байланыстыра отырып, отандық және шетел тәжірибесін салыстырмалы сипатта жете талдаулар жасай білген. Автордың ұсынған жаңа тұжырымдары дәйекті негізделген.Зреттуе жұмысында талдаулар жеткілікті деңгейде жүргізілген.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа);	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. *Бірінші нәтиже жаңа, себебі,* Тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер дегеніміз мәдени, тарихи, экологиялық, экономикалық құндылыққа ие табиғи ресурс және құқықтық қорғау объектісі болып танылады деген

		3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа)	автордың тұжырымымен толық қосыламыз әрі орынды деп бағалаймыз. *Екінші, нәтиже жаңа, себебі,* Тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер дегеніміз - тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген тарихи-мәдени мұра объектілері, тарихи-мәдени маңызы бар азаматтық және әскери қорымдар орналасқан көрікті жерлер, оның ішінде қорық-мұражайлары орналасқан жерлер, мәдени мұра объектілерін қорғау мен пайдалану тәртібінің ерекше құқықтық режимдері белгіленген жер учаскелері деп айтуға толық негіз бар, бұл ретте, тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер мен олардың үстінде орналасқан мәдени мұра объектілерін, сондай-ақ мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтарында орналасқан жер учаскелерін қорғау мақсатында мемлекеттік бақылау мен мониторингтің бірыңғай тәртібін енгізу талап етіледі деген ұстанымы өте орынды бағалаймыз. Сондай-ақ, автордың қазіргі уақытта мәдени мұра объектілеріне қатысты мемлекеттік бақылау мен мониторинг олар орналасқан жер учаскелерінен бөлек жүргізілетінін, ал мұндай жер учаскелері ескерткіштердің ажырамас бөлігі болып табылады деген ұстанымын негізді деп санаймыз және ол жеткілікті негізделген. *Үшінші нәтиже жаңа, себебі,* автор тарихи-мәдени мақсаттағы жерді құқықтық қорғаумен байланысты туындайтын қатынастарды реттейтін арнайы нормативтік құқықтық базасын ескере отырып, тарихи жерлердің қалыптасу тарихын келесідей кезеңдерге бөліп қарастырады. Бұл тұжырым негізді деп санаймыз. *Төртінші нәтиже жаңа, себебі,* «Халық мүддесі үшін» тарихи-мәдени мұра объектілерін зерделеу, қайта жаңғырту, қайта жаңғырту мақсатында мемлекеттің тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерді иеленуін, пайдалануын және оларға билік етуін және олардың қазіргі заманды өткенмен сәйкестендіру құралы ретінде сақталуын қамтамасыз етуді, ортақ игіліктің мемлекеттік те, көпшілік те мүддесіне қол жеткізуді қамтиды. Автордың бұл тұжырымы негізді әрі дәйекті деп санаймыз. *Төртінші нәтиже жаңа, себебі,* автор музей-қорық - ашық аспан астындағы тарихи-мәдени мұрасын танымал етуді, мұражай заттары мен мұражай коллекцияларын сақтау, қорғау, сақтап қалу, зерделеу және көпшілікке көрсету үшін құрылған, мәдени, білім беру, ғылыми-зерттеу функцияларын жүзеге асыруға және қамтамасыз етуге арналған тарихи-мәдени мақсаттағы жер учаскесі болып танылады деген дұрыс тұжырымды ұстанады.

		5.2 Диссертацияның тұжырымдарының жаңалығы? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа)	Диссертациялық жұмыстың қол жеткізілген ғылыми нәтижелері толығымен жаңа. Автор тарихи-мәдени мұра объектілері және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер құқықтық реттеу ерекшеліктерін терең талдауға негізделген бірегей шешімдерді ұсынады.Бұл тұжырымдар құқық ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосады деп бағалаймыз.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерінің жаңалығы және негізділігі: **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерінің жаңалығы мен негізділігі толығымен жаңа болып табылады.
6	Тұжырымдардың негізділігі	Барлық жаңа тұжырымдар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге **негізделген** / негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген ғылыми нәтижелер негізінен нақты деректерге сүйене отырып жасалған, бұл жұмыстың тұжырымдарының негізділігін айқындайды. Тұжырымдардың негізділігі автордың отандық және шетелдік ғалымдардың дәйектерін қолдануында көрініс табады. Сонымен қатар, жұмыста құқықтық актілерге талдау жасалып, алынған ғылыми нәтижелердің негізділігі мен дәлдігі қамтамасыз етілген. Диссертациялық жұмыстағы барлық ғылыми тұжырымдар сенімді және ғылыми негізделген.
7	Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар	Әрбір тұжырым бойынша келесі сұрақтарға жеке –жеке жауап беру қажет: 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? **1) дәлелденген;** 2) дәлелдене түскен; 3) дәлелдене түспеген; 4) дәлелденбеген 7.2 Тривиальды ма? 1) Иә; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ 7.4 Қолданылу деңгейі; 1) тар; 2) орташа; 3) кең. 7.4 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә	Қорғауға шығарылатын тұжырымдар: 1. «Тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер дегеніміз мәдени, тарихи, экологиялық, экономикалық құндылыққа ие табиғи ресурс және құқықтық қорғау объектісі болып танылады». «Тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер» ұғымының құқықтық табиғатын терең зерттеліп, авторлық өзіндік анықтамалары көрініс тапқан. Бұл ғылыми тұжырым отандық ғылымның осы бағытын дамытуға елеулі үлес қосады. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? Иә, дәлелденген, себебі Тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерге қатысты өзіндік анықтамасы беріліп отыр. 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? Ия, жаңа, Диссертант құқықтық қатынастардың негізгі белгілерін тұтастай кеңінен талдап көрсеткен. 7.4 қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген:

		2) жоқ	А.. Ауганбай. «Объекты историко-культурного наследия Республики Казахстан : земельно-правовой аспект». Наука и жизнь Казахстана. №3/2 (47) 2017 г. С.185.
			2. Диссертациялық жұмыста тарихи-мәдени мақсаттағы жерлердің құқықтық режимі анықталды. Бұл жерлердің құқықтық режимінің ерекшеліктері тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерді құқықтық реттеудің нақты объектісіне, оларды пайдалану мен қорғауды мемлекеттік реттеудің тәсілдері мен нысандарымен байланысты, тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерге меншік құқығы мен өзге де құқықтарды іске асыру тетігімен және оларды құқықтық қорғау шаралары жүйесімен сипатталады. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 2) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: A. Auganbai, B. Kalymbek, G.K. Shulanbekova,A.A. Urisbaeva and R. Yerezhepkyzy. Protection of Objects of Historical and Cultural Heritage: Legal Problems and the Application of Information Technologies. Environmental Policy and Law, 49/6 (2019). P. 386. 3. Диссертациялық жұмыста, тарихи-мәдени мақсаттағы жерді құқықтық қорғаумен байланысты туындайтын қатынастарды реттейтін арнайы нормативтік құқықтық базасын ескере отырып, тарихи жерлердің қалыптасу тарихын кезеңдерге бөліп қарастырады. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 2) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә 7.4 қолдану деңгейі: 3) кең;

			7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған мақалада дәлелденген: Шуланбекова Г., Ауғанбай А., Оспанова Д.А. Тарихи-мәдени мақсатына арналған жерлердің құқықтық жағдайының жалпы сипаттамасы. Том 85 № 1 (2018): Вестник КазНУ Серия Юридическая. https://bulletin-law.kaznu.kz/index.php/journal/issue/view/24.
			4. Тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерге меншік құқығы мен өзге де құқықтар заттық құқықтардың «ерекше» түрі болып табылатындығы көрсетіледі. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә. А. Ауғанбай, Б. Калымбек. К вопросу о становлении и развитии законодательства об охране земель историко-культурного назначения Республики Казахстан : международный и национальные аспекты. Том 86 № 2 (2018): ВЕСТНИК КазНУ Серия юридическая. https://bulletin-law.kaznu.kz/index.php/journal/issue/view/36.
			5. Тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік құқықтық реттеу ұғымына авотрлық анықтама берілген. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 2) орташа 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: А. Ауганбай. Правовое регулирование земель историко культурного назначения в Республике Казахстан. Материалы XVI международна

			научнапрактична конференция. Ключови въпроси в съвременната наука – 2020. 15 - 22 април 2020 г. Volume 5. София «Бял ГРАД-БГ ОДД» 2020 год. С. 51. 6. Жұмыста авторлық тұрғыда музей-қорық ұғымына ғылыми анықтама берілген. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 2) орташа 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: Шуланбекова Г., Ауғанбай А., Оспанова Д.А. «Тарихи-мәдени мақсатқа арналған жерлердің құқықтық реттелуі». Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. №3(58) 2018 жыл. 314 б.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістемені таңдау-негізделген немесе әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған: **1) Иә;** 2) жоқ	Диссертация үшін әдіснаманы таңдау негізделген және мұқият карастырылған. Диссертациядағы зерттеу әдістемесі егжей-тегжейлі сипатталған және қолданыстағы әдістер мен тәсілдердің нақты экспозициясын қамтиды. Зерттеу әдістері келесі негізгі әдістер: формальды-логикалық әдіс, жүйелік-құрылымдық әдіс, тарихи-құқықтық әдіс, салыстырмалы-құқықтық әдіс, нормативтік талдау әдісі, эмпирикалық әдіс қолданылған.
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды: 1) **Иә;** 2) жоқ	1) Иә. Зерттеу жұмысында автор қазіргі кезеңдегі ғылыми зерттеулердің әдістерін және компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін қолдана отыра, ғылыми нәтижелерге қол жеткізген: https://adilet.zan.kz/kaz/- Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі; https://online.zakon.kz/-Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі;
		8.3 Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша	Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар мұқият дәлелденіп, эксперименттік зерттеулермен расталады. Алынған нәтижелер қорытындылардынсенімділігі мен ғылыми негізілігінің жоғары дәрежесін көрсетеді.

		дайындық бағыттары үшін Нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді); 1) **Иә;** 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәліметтер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге, статистикалық деректерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін **жеткілікті**/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасау үшін жеткілікті. Диссертацияны жазу барысында автор 138 ғылыми әдебиеттерді пайдаланды.
9	Тәжірибелік құндылық қағидасы	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **1) бар;** 2) жоқ,	Зерттеудің қол жеткізген негізгі ғылыми нәтижелерін жоғарғы заң оқу орындарында жер, аграрлық, экологиялық құқығы пәндерінен дәрістер жүргізуде пайдалануға болады. Осы бағыттағы оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуде таптырмас ғылыми зерттеу болып табылады.
		9.2 Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану ықтималдығы жоғары: **1) Иә;** 2) жоқ,	Диссертацияның тәжірибелік маңызы баор және зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелерді осы зерттеу саласы бойынша жер заңнамасын жетілдіру процесінде заң шығару қызметі барысында қолдануға болады.
		9.3 Тұжырымдар тәжірибе үшін жаңа болып саналады ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа),	Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары тәжірибе үшін толығымен жаңа болып табылады. Себебі, диссертация бойынша қол жеткізілген қорытындылар мен тұжырымдар тиісті құқық саласы бойынша алғаш рет анықталған ұсыныстар болып табылады.
10	Жұмыстың талапқа сай жазылу және рәсімделу сапасы	Академиялық жазу сапасы **1)жоғары;** 2)орташа; 3)орташадан төмен; 4)төмен	Диссертациялық жұмыс академиялық жазу сапасының жоғары. Жұмыстың мәтіні барлық ғылыми стандарттарға сәйкес жазылған. Автор нақты терминология мен негізделген дәлелдерді қолданады, бұл жұмысты түсіну мен қабылдауды едәуір жеңілдетеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Автор тарапынан диссертациялық жұмысты кешенді зерттеле отырып, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалануға қатысты Ұлттық жоспар даярланып, ұсынылған жағдайда зерттеудің құндылығы арта түсер еді. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тарихи-

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертацияның негізгі ережелері мен қорытындылары, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің жекелеген нәтижелері шетелдік және отандық ғылыми басылымдардағы 16 ғылыми мақалада, оның ішінде Scopus базасындағы халықаралық рецензияланатын журналда, ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған 5 ғылыми басылымдарда және халықаралық конференция жинақтарында жарияланды. Жарияланған мақалалардың барлығы да жоғары деңгейде зерттелген ғылыми еңбек болып табылады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«Қазақстан Республикасындағы тарихи-мәдени мақсатына арналған жерлердің құқықтық режимі (халықаралық жүзе және ұлттық тәжірибе)» атты тақырыптағы «8D04203-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ауғанбай Алтынай Қайратқызының диссертациялық жұмысы ғылыми жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді және диссертациялық зерттеудегі қорытындылар мен ұсыныстар теориялық және тәжірибелік негізді болып табылады. Жұмыс жоғары деңгейде жазылған. Диссертациялық жұмыс «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» бұйырығының талаптарына сай Ауғанбай Алтынай Қайратқызының диссертациялық жұмысы «8D04203-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайық деп санаймын

Ресми пікір білдіруші:
Шымкент университетінің ғылым департаментінің директоры, заң ғылымдарының кандидаты, доцент **Акшатаева Жанна Байбековна**